Мәди ЖАҚЫПБАЕВ, ФУТБОЛШЫ:

ҚАЗАҚСТАН – МЕНІҢ ОТАНЫМ, БІРАҚ ҮЙІМ – УКРАИНАДА

ҚАЗІР УКРАИНА ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ШТАТТАН ТЫС ӨКІЛІМІН (КҮЛІП). ШЫН, ОНДАЙ ОЙЫМ БОЛҒАН, АТА-АНАМ ТҮБЕГЕЙЛІ ҚАРСЫЛЫҚ ТАНЫТТЫ. ЖАЙ КӨМЕКТЕСІП ЖҮРІП ҚАРУДЫ ҰСТАУДЫ ҮЙРЕНДІМ. ТІЗЕМДІ ТОЛЫҚТАЙ ЕМДЕП АЛҒАН СОҢ ҚАЙТА БАРАМЫН.

→3

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы 1 қаңтардан шыға бастады | Республикалық апталық | qazaqsporty.kz | №24-25 (5376) 2 шілде 2022 жыл | Газет сенбі күні шығады | kazakh_sporty@mail.ru

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ ЕУРОПАДА ТОП ЖАРДЫ

СЕРБИЯНЫҢ ПРОКУПЛЕ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ЖҮЛДЕ ҚОРЫ 25 МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫН ҚҰРАЙТЫН ITF ТУРНИРІНДЕ ЖІБЕК ҚҰЛАМБАЕВА ТАБЫСТЫ ӨНЕР КӨРСЕТТІ.

Үндістандық Пратхан Тхомбаремен жұп құраған жерлесіміз алғашқы айналымдарда Дария Лодикова (Ресей) мен Луиза Мейер-ауф-дер-Хайде (Германия) және Ивана Йорович пен Деяна Радановичтен (Сербия) басым түссе, жартылай финалда Ангелика Мораделли (Италия) мен Илона-Георгиана Гиороайеге (Румыния) сан соқтырды. Ақтық сында олар Лейре Ромеро (Испания) мен Тара Вюрт (Хорватия) жұбымен шеберлік байқасуға тиіс еді. Алайда хорватиялық теннисшінің жарақат алуына байланысты қарсы жақ кортқа шығудан бас тартты.

Сөйтіп, Жібек Құламбаева ITF жарыстарындағы жеңістерінің санын 19-ға жеткізді.

КӨПТЕН КҮТКЕН ЖҮЛДЕ

26 МАУСЫМДА МОҢҒОЛИЯНЫҢ ҰЛАН-БАТЫР ҚАЛАСЫНДА ДЗЮДОДАН ГРАНД СЛАМНЫҢ КЕЗЕКТІ ТУРНИРІ АЯҚТАЛДЫ. ӘЛЕМНІҢ 29 ЕЛІНЕН 271 ДЗЮДОШЫ ҚАТЫСҚАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТА ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫНЫҢ СПОРТШЫЛАРЫ ТӨРТ ҚОЛА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ.

Гранд Слам жарысында Абиба Абужақынова 48 келі салмақта құрама қоржынына алғашқы қола медальды салғанын өткен нөмірде жазған болатынбыз.

Абиба *(рейтингте 61-орында)* Моңғолиядағы жарыста өте тәжірибелі Шира Ришониды *(Израиль, әлемдік рейтинг 6-орында)*, ресейлік Сабина Гилязованы *(Ресей, рейтингте 28-орын)* жеңді. Абиба Ұлан-Батырдағы қоласы үшін 500 ұпай алып, 61-орыннан шамамен 35-36-орынға көтеріледі. Абиба Абужақынова 2017 жылы жастар арасындағы әлем чемпионатында күміс медаль алғанын айта кетейік *(А.Абужақыновамен болған сұхбатты 8-беттен оқи аласыздар – **ред.**)*.

Бұрын әйелдер күресінде аса ауыр салмақта Гүлжан Исанова халықаралық жарыстарда ел намысын абыроймен қорғағанын білеміз. Азия чемпионаты, Азия ойындарында және бірнеше халықаралық жарыстарда жүлделі орыннан көрінгені жанкүйерлер есінде болар. Гүлжан спорттық карьерасын аяқтағаннан кейін Камила Берлікаш ел намысын қорғап келеді. 22 жастағы Камила аламанның соңғы жарыс күнінде қола жүлдегер атанды. Бұл Камиланың халықаралық жарыстардағы алғашқы жүлдесі. Биыл Тель-Авивте өткен Гранд Сламда жетінші, Тбилисидегі Гранд Сламда бесінші орын алған. Енді, міне үздік үштіктен көрініп отыр.

Ерлер құрамасы да екі қола медальға ие болды. Жарыстың соңғы күні 90 кг салмаққа биыл ғана ауысқан Дидар Хамза

қола медаль жеңіп алды. Ол алғашқы айналымда Чехия балуаны Кламмертті ұтса, екінші айналымда моңғолдың мықтысы Алтанбага Гантулгадан басым түсті. Ширек финалда осы жарыстың фавориттерінің бірі нидерландтық Еспер Сминкті ұтты. Жартылай финалда IJF атынан өнер көрсеткен ресейдің мықтысы Михаил Иголниковқа есе жіберді. Қола медаль үшін белдесуінде IJF атынан өнер көрсеткен тағы бір Ресей балуаны Михаил Ларионовты ұтты.

Д.Хамза 2016 жылы 19 жасында сенсация жасап Азия чемпионы атанып, Рио Олимпиадасына қатысты. 2018 жылы Азия ойындарының жеңімпазы атанды. Бірақ Гранд Слам және Grand Price турнирлерінде жолы болмай жүрген. Былтыр Токио Олимпиадасына қатысып, бос қайтқанын өз көзімізбен көрдік. Бұл Дидардың Гранд Слам турниріндегі алғашқы жүлдесі.

Сондай-ақ аталған сайыста аса ауыр салмақта Әділ Оразбаев қоланы қанжығасына байлады. Шыны керек, ауыр салмақта әлемдік аренада ел намысын абыроймен қорғаған Ержан Шынкеев шығар. Бүгінгі додада Ә.Оразбаев қола жүлдеге ілініп, аса ауыр салмақтағы рейтингке сенімді кіріп келді.

ГАЗЕТТІҢ КЕЛЕСІ НӨМІРІ 16 ШІЛДЕДЕ ШЫҒАДЫ

БАСПАСӨЗ-2022

Мырзағали АЙТЖАНОВ, боксшы, әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

*Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, **«Қазақ спорты»** газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.*

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

*«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – **64190,** кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – **14190.***

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»

Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу	1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25	1338,75	2677,50	5355,00	Қала
		464,87	1394,61	2789,22	5578,44	Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25	2058,75	4117,50	8235,00	Қала
		704,87	2114,61	4229,22	8458,44	Аудан/ауыл

«Эврика пресс»

64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	

«Еуразия пресс»

64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	

«Бектұрғанов»

64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

ЖЕҢІМПАЗҒА – 250 МЫҢ АҚШ ДОЛЛАР

НҰР-СҰЛТАНДА 2022 ЖЫЛҒЫ XXIV СУРДЛИМПИАДАНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ МАРАПАТТАУ РӘСІМІ ӨТТІ. СУРДЛИМПИАДАДА ЕЛІМІЗДІ СПОРТТЫҢ 8 ТҮРІНЕН 63 СПОРТШЫ ТАНЫСТЫРЫП, ЖАРЫС НӘТИЖЕСІНЕ САЙ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАНЫҢ ҚОРЖЫНЫНА 28 МЕДАЛЬ САЛҒАН БОЛАТЫН. АТАП АЙТҚАНДА, 3 АЛТЫН, 7 КҮМІС ЖӘНЕ 18 ҚОЛА МЕДАЛЬ.

«Қазақстандық спортшылар Олимпиадада ерекше белсенділік танытып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Сіздердің жеңістеріңіз Сурдлимпиадалық спортты дамытуға серпін береді деп үміттенеміз. Барлық спортшыларға, жеңімпаздарға, жаттықтырушыларға ерекше алғысымды білдіремін. Сіздерді жеңісіңізбен шын жүректен құттықтаймын», деді марапаттау рәсімінде Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев.

Айта кетейік, XXIV Сурдлимпиадада бірінші орын алғандарға 250 мың АҚШ доллар және тұрғылықты жері бойынша үш бөлмелі пәтер беріледі. Екінші орын алған спортшыларға – 150 мың доллар және екі бөлмелі пәтер, үшінші орын үшін – 75 мың доллар және бір бөлмелі пәтер беріледі.

БУБЛИК – ҮШІНШІ КЕЗЕҢДЕ

ТЕННИСТЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІРІНШІ РАКЕТКАСЫ АЛЕКСАНДР БУБЛИК ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ АСТАНАСЫ – ЛОНДОНДА ӨТІП ЖАТҚАН «УИМБЛДОН» ТУРНИРІНДЕ СӘТТІ ӨНЕР КӨРСЕТУДЕ.

Алғашқы айналымда мажарстандық Мартон Фучовичтің тас-талқанын шығарған жерлесіміз екінші кезеңде Душан Лайовичпен күш сынасты. 31 жастағы Сербияның саңлағы бұл күндері ATP рейтингінде 64-орында тұр. Былтыр ол Аустралияның ашық біріншілігінің төртінші кезеңіне дейін жеткен. Негізі Лайович «Уимблдонда» топ жаруды көптен бері армандап жүрген еді. Бұған дейін де сол мақсатына қол жеткізу үшін бірнеше мәрте әрекет жасап көрді. Бірақ әзірге асығы алшысынан түсер емес. Бұл жолы да дәп солай болды. Тұсаукесер кездесуінде Душан Испанияның аса мықты теннисшісі Пабло Карреньо-Бустадан басым түскенімен, келесі айналымда біздің Бубликке есе жіберді. Есеп – 6:7, 2:6, 5:7.

Үшінші кезеңде Александр Бублик әлемнің 28-ракеткасы Фрэнсис Тиафомен шеберлік байқасады. Алашқы айналымдарда АҚШ-тың өкілі италиялық Андреа Вавассори мен германиялық Максимильян Мартерерді жеңді.

«ТОБЫЛ» «АСТАНАНЫ» ҚУЫП ЖЕТТІ

ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ 15-ТУРЫ АЯСЫНДА ЖЕТІ КЕЗДЕСУ ӨТІП, СОНЫҢ ҮШЕУІНДЕ ҚОНАҚТАР ЖЕҢІСКЕ ЖЕТСЕ, ҮШЕУІ ТЕҢ АЯҚТАЛДЫ. ТАҒЫ БІР БӘСЕКЕДЕ АЛАҢ ИЕЛЕРІНІҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ БОЛДЫ.

Сенбіде екі ойынды тамашаладық. «Ақжайық» Оралда Шымкенттің «Ордабасы» клубына есе жіберді – 0:1. Бұл матчтағы жалғыз голды 77-минутта Одилбек Әбдумәжитов соқты. Павлодарда «Ақсу» мен Қарағандының «Шахтеры» тең тарасты – 1:1. Жексенбіде тағы бес бәсекенің куәсі болдық. «Ақтөбе» «Астананы» 4:1 есебімен ойсырата ұтты. «Тобыл» Петропавловскіде жергілікті «Қызылжарды» 3:1 есебімен еңсерді. Осы жеңісінің арқасында қостанайлықтар көш басындағы «Астананы» қуып жетті. «Каспий» Ақтауда Түркістанның «Тұранына» жол берді – 0:2. «Тараз» бен «Қайрат» және «Мақтаарал» мен «Атырау» арасындағы кездесулерде 1:1 есебі тіркелді.

15-турдан кейін «Астана» мен «Тобыл» көш басында үзеңгі қағыстырып келеді. Екеуінде де 24 ұпайдан бар. Олардан бір ұпай кем жиған «Ақтөбе» үздік үштікті түйіндеуде. Ал көш соңындағы «Мақтаарал» небәрі 10 ұпайды қанағат тұтуда.

* * *

Қазақстан Премьер-лигасындағы кейінге қалдырылған бір ойыны өтті. Атап айтсақ, Шымкентте жергілікті «Ордабасы» Павлодар облысынан келген «Ақсу» клубымен кездесті.

Естеріңізге сала кетейік, екі команда 21 мамырда кездескен еді. Бірінші таймның 10-минутында «Ордабасы» 1:0 есебімен жеңіп жатқан кезде Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы стадионның шатыры құлап, матч кейінге шегерілген еді. Міне, енді арада біраз уақыт өткеннен соң аталған командалар қайта жасыл алаңға шықты. Бұл бәсекенің 38-минутында Всеволод Садовский екінші голды соқты. Содан кейін «Ақсу» бірнеше рет қауіпті шабуыл ұйымдастырды. Бірақ қонақтардың бұл әрекеті еш нәтиже бермеді. Қарымта шабуылға жүгінген алаң иелері 86 минутта үшінші рет мергендік танытты. Бұл голдың авторы – Елхан Астанов. Есеп – 3:0.

Осы жеңістен кейін 23 ұпай жиған «Ордабасы», «Ақтөбе», «Каспий» және «Таразды» басып озып, жарыс кестесінде үшінші орынға көтерілді. Шымкенттіктер «Астана» мен «Тобылдан» қалып келеді. Көш басындағы екі команда 24 ұпайдан еншілеуде.

OLIMPBET-ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ

ОРЫН	КОМАНДА	О	В	Н	П	ГОЛДАР	ҰПАЙЛАР
1	Astana	14	7	3	4	29-16	24
2	Tobyl	14	7	3	4	23-17	24
3	Ordabasy	14	7	2	5	21-14	23
4	Aqtóbe	13	7	2	4	17-15	23
5	Taraz	14	6	4	4	18-13	22
6	Kaspii	14	7	1	6	15-15	22
7	Atyraý	14	5	5	4	17-15	20
8	Qairat	14	5	5	4	13-17	20
9	Shahter	13	5	2	6	18-17	17
10	Turan	12	3	6	3	9-10	15
11	Qyzyljar	14	3	6	5	15-19	15
12	Aqsý	13	4	2	7	11-19	14
13	Aqjaıyq	13	3	3	7	5-12	12
14	Maqtaaral	14	2	4	8	11-23	10

ҮЗДІК СҰРМЕРГЕНДЕР

9 гол	Андрия ФИЛИПОВИЧ	шабуылшы
8 гол	Педро ЭУЖЕНИО	шабуылшы
7 гол	Серж НЬЮАДЗИ	шабуылшы
6 гол	Марин ТОМАСОВ	жартылай қорғаушы
6 гол	Игорь СЕРГЕЕВ	шабуылшы

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖОЛДАМАЛАРЫ САРАПҚА САЛЫНДЫ

АЛМАТЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ СТАДИОНЫНДА ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН ДАҢҚТЫ ЖЕЛАЯҚ, РИМ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ ҒҰСМАН ҚОСАНОВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ.

31-нші мәрте ұйымдастырылып отырған дүбірлі додада 15-24 шілде аралығында АҚШ-тың Юджин қаласында өтетін әлем чемпионатының жолдамалары сарапқа салынды. Сол себепті Жапония, Қатар, Малайзия, Таиланд, Тунис, Үндістан, Украина, Пәкістан, Аустралия, Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан секілді мемлекеттер өздерінің бірқатар белді спортшысын Алатау баурайына аттандырды. Әсіресе үнді елінің қыздары аталған жарысқа өте керемет даярлықпен келгендігін байқадық. Олардың арасынан Навджит Дхиллон

(диск лақтыру), Абха Хатуа (ядро лақтыру), Чанда (1500 метрге жүгіру), Киран (400 метрге жүгіру), Сарита Ромит Сингх (балға лақтыру), Ансу Соян (ұзындыққа секіру), Анну Рани (найза лақтыру) және Даналаксми Секар (200 метрге жүгіру) сынды жеңіл атлеттері алдарына жан салмады.

Жерлестеріміздің арасынан Мария Ефремова (үш қарғып секіру), Ольга Сафронова (100 метрге жүгіру), Кристина Овчинникова (биіктікке секіру) және Анастасия Ермакова (сырықпен секіру) асқан шеберлік танытып, алтыннан алқа тақты.

«ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫНА» – 25 000 000 ТЕҢГЕ

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ДӘСТҮРЛІ «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРІ БИЫЛ ДА ӘДЕТТЕГІДЕЙ ЕЛОРДА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА АСТАНАДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН БОЛДЫ. XI РЕТ ӨТКЕЛІ ЖАТҚАН БАЛУАНДАРДЫҢ БӘСЕКЕСІ ЕРТЕҢ, ЯҒНИ 3 ШІЛДЕ КҮНІ 13 МЫҢ ЖАНКҮЙЕР СЫЯТЫН «БАРЫС-АРЕНА» МҰЗ САРАЙЫНДА ӨТЕДІ.

Дәстүрлі турнир елімізде ұлттық спортты дамыту арқылы саламатты өмір салтын насихаттау, Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығын атап өту, қала күнін мерекелеу және Балалар жылы аясында жастарды ұлттық спортпен шұғылдануға тарту, олардың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыру мақсатында өткізіліп жатыр.

Жарыс ережесіне сәйкес сәуір-мамыр айларында ауыл, аудан, облыстық (қалалық) деңгейдегі және күштік құрылымдар желісі арасында іріктеу жарыстары өтіп, оған еліміз бойынша бес мыңға жуық спортшы қатысты. Соның ішінен ең үздік шыққан 36 балуан елордада өтетін финалдық сынға жолдама алды. Олардың ішінде осыған дейін жеңіс тұғырынан көрінген Мұхит Тұрсынов, Еламан Ерғалиев, Ерасыл Қажыбаев, Ғалымжан Қырықбаев секілді түйе балуандар бар. Биылғы турнирге қатысатын балуандардың ішінде ең жасы – Ерсұлтан Жорабек. «Көкжал» лақап атымен Алматы қаласының намысын қорғайтын Ерсұлтан небәрі 20 жаста. Ал «барыс» атануға ниетті балуандардың ең егдесі – павлодарлық Әділет Нұрпейісов. Ол – 37 жаста. Лақап аты – «Ертіс-Баян».

Өкінішке қарай, жанкүйерлер биылғы турнирде 2021 жылғы «Қазақстан барысы» атанған Дәурен Нұралиновтің өнерін тамашалай алмайды. Дәурен жарақатына байланысты биылғы додаға қатыса алмайтынын мәлімдеді. Сондай-ақ «Қазақстан барысының» екі дүркін жеңімпазы Айбек Нұғымаров спорттық жолын аяқтағанын ресми түрде жариялады.

Ұйымдастырушылар балуандар бәсекесін тартысты, жанкүйерлерге қызықты ету үшін жарыс ережесін жетілдіріп, өзгерістер енгізіп отырады. Биылғы турнир алғаш рет «бүк» ұпайынсыз өтеді. Яғни бұған дейін балуан әдіс жасағанда қарсыласының

тізесі жерге тиіп кеткенде – «бүк» ұпайы берілетін. Сондай-ақ бұрынғы ереже бойынша 3 «бүк» ұпайы бір жамбас ұпайына тең болатын. Енді биылдан бастап балуандар «бүк» ұпайынсыз белдесетін болады. Ал «жамбас», «жартылай жеңіс» және «таза жеңіс» ұпайлары әдеттегідей жарыс ережесінде сақталып қалды.

Ережеге өзгеріс енгенімен, «Қазақстан барысы» турнирінің жүлде қоры өзгеріссіз қалды. Жарыс тәртібіне сай, әдеттегідей, жеңімпаз атанған балуанға 25 000 000 теңге және алтын белбеу мен ауыспалы алтын «тайтұяқ» табысталады. Екінші орынды иеленген балуанға 5 500 000 теңге және үшінші орынға 1 800 000 теңге сыйақы, сәйкесінше олар да күміс және қола белбеулермен марапатталады.

Қазақстанның өзге өңіріндегі жанкүйерлер турнирді Qazaqstan, Qazsport телеарналары арқылы тікелей эфирден көре алады. Ал елорда қонақтары мен қала тұрғындарының төл өнерімізді «Барыс Арена» спорт кешенінен тамашалауына мүмкіндігі бар. Билеттер zakazbiletov.kz сайтында сатылып жатыр. Балуандардың жарыс алдындағы ресми салмақ өлшеу рәсімі 1 шілде сағат 19:00-де «Хан Шатыр» СОСО өтеді деп жоспарланған.

Мәди ЖАҚЫПБАЕВ,
ФУТБОЛШЫ:

ҚАЗАҚСТАН – МЕНІҢ ОТАНЫМ, БІРАҚ ҮЙІМ – УКРАИНАДА

МӘДИ ЖАҚЫПБАЕВТЫ «АСТАНА» ФУТБОЛ КЛУБЫНЫҢ САПЫНДА АЛАҢҒА ШЫҚҚАН ЕҢ ЖАС ОЙЫНШЫ РЕТІНДЕ ЖАҚСЫ БІЛЕМІЗ. СОЛ КЕЗДЕ МӘДИМЕН ӘҢГІМЕЛЕСІП, ОНЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ХАЛЫҚҚА ТАНЫСТЫРУҒА ТЫРЫСТЫҚ. ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДА ОНЫҢ ЛИТВАНЫҢ «ЖАЛЬГИРИС» КЛУБЫМЕН, СОНАН СОҢ КИЕВТЕ КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗІП ЖАТҚАНЫН КӨЗІМІЗ ШАЛЫП ҚАЛДЫ. БІРАҚ КӨП ҰЗАМАЙ СОҒЫС БАСТАЛЫП КЕТТІ. БҮГІНГІ ӘҢГІМЕМІЗДЕ МӘДИ СОҒЫС ЖҮРІП ЖАТҚАН ЕЛДЕ ҚАЛАЙ ҚАЛҒАНЫН, ТІПТІ АЗАМАТТЫҒЫН АУЫСТЫРҒЫСЫ КЕЛЕТІНІН ДЕ АЙТТЫ.

– Мәди, денсаулығыңыз, көңіл күйіңіз қалай?

– Жалпы, жаман емес. Жарақатпен күресіп жатырмын. Тобықтан, белден ауырып біраз уақыт диета ұстауға тура келді. Қалыпқа келе бастағанда өзіме ұнаған тамақтың бәрін жей бердім, қозғалысым да азайды, түк істегім келмейтін. Сөйтіп, айналдырған бір айда 30 келі қостым. Сонан соң әжем қайтыс болды. Шыны керек, осы жағдайлардың барлығынан кейін жаттығу жасауға, футболға деген құлшыныс өшіп қалды.

Дегенмен Ринат Сәбитов деген бапкер хабарласып, қалыпқа келуіме көмектесетінін айтты. Диетолог маманның көмегіне де жүгіндік. Өз-өзіме келу үшін жарты жылдай уақыт кетті. Осы жылдың қаңтарында физикалық тұрғыдан дайын болғаныммен, аздап артық салмағым бар еді. Соған қарамастан Литваның «Жальгирисіне» бардым. Қазақстандық маман Владимир Чебурин де, ойыншылар да жақсы қарсы алды. Оның алдында тобығымды сындырып алғанмын. Сөйте тұра аянып қалмадым. Алайда артық салмақтың кесірінен қатарға енбей қалдым.

Сонан соң Литваның Каунас қаласының «Хегельман» клубынан шақырту түсті. Себебі оның директоры Антон Каунасты инстаграмда тауып алып, жекесіне жазғанмын. Өкінішке қарай, ол жақта да жолым болмады. Ойыншылар келген бойда қысым көрсетіп, шамыма тиетін сөздер айтты. Ұлтшылдық деген сұмдық екен. «Қазақ, кәріс, қытай» деп неше түрліні айтатын. Литвалықтар өзі сондай халық. Алаңда жүргенде футболшылардың бірі тіземнен теуіп кетті. «Неге кешірім сұрамайсың?» десем, тіпті міз де бақпаған жоқ. Сосын мұның бәрін ой елегінен өткізе отырып Кишиневке Киев арқылы ұшуға билет алдым. 19 ақпан күні таңғы 6:10-да Киевке қондық. Қаланы аралап көріп осында қаламын деп шештім. Әуежайға келсем заттарым жоғалып кеткенін хабарлады. Клубтарға барып жүріп Киевтің «Динамо» командасының менеджерімен 24 ақпанда кездесу туралы келістік. Әрі қарай не болғанын өздеріңіз білесіздер.

Қазір жергілікті клубтардың бірімен келісім жасасқанмын. 3 шілде күні барамын. Әзірге атауын атамай-ақ қояйын. Бәрі ойдағыдай болып жатса, міндетті түрде естисіздер.

– Сізді волонтерлер қатарында жүр деп естіп едік...

– Киевте бірқатар жақсы адаммен таныстым, алдымен маған көмектесті. Қиын-қыстау күндер туғанда мен оларға көмектестім. Зейнетақы қорындағы ақшамды шешіп алдым. Өзімнің де жиған-терген біраз қаражатым бар еді. Әскерге, тұрғындарға, балаларға қолұшын создым. Сөйтіп, 40 мың еуродай ақша кетті.

– Сізден бөлек қазақстандықтар бар ма?

– Өз басым ешкімді кездестірген жоқпын. Бәрі сол эвакуация кезінде кетіп қалса керек. Волонтерлер келгенде осындағы елші Дархан Қалетаев Львовке шақыртып еді, барған жоқпын.

– Сіз сияқты сонда қалып, өзгелерге көмектесіп жүрген шетелдіктер көп пе?

– Негізі аса көп емес, соғыс басталғанда шетелдіктердің басым бөлігі кетіп қалды. Мен қазір кәсіпкерлер мен арнайы қорлары бар волонтерлік топтар туралы айтып тұрған жоқпын. «Қаржылай көмек берем десеңіздер, маған жіберсеңіздер болады» дедім. Карточкама 8 мың гривень түсті, соның 6 мыңын украиндар, 2 мыңын қазақтар жіберді. Олардың барлығын бірден көмекке жібердім.

– Қай жерде тұрып жатсыз, тамақ жағынан ешқандай мәселе жоқ па?

– Тұрғылықты мекенжайым жоқ, анда-мұнда түнеп жүрмін. Шыны керек, жейтін тамақ таппай қалатын кездер аз емес. Достарыма, таныстарыма хабарласып көмек сұрауға тура келеді. Кейбіреулер көмектеседі, кейбірі үнсіз қалады. Арасында «ақшаның бәрін қыдыруға құртып жүр» деп айыптағандар да бар. Мейлі, айта берсін. Бірақ бұл жақта қыдыратындай мүмкіндік те, жағдай да жоқ. Таңды-таңға ұрып, ұйықтайтын жер, жейтін тамақ болса екен деп жүргенде қайдағы қыдырыс. Ата-анам да қолғабыс жасап тұрады. Бірақ қазір тек анам жұмыс істейді, айлығы 150 мың теңге, ал әкем жұмыссыз. Сондықтан олардан көмек сұрау да ыңғайсыз.

Кейбірі бес мың, екіншісі мың теңге жібереді. Соған қарап әрекет етесің, азық-түлікті де соған сәйкес сатып аласың. Әркім өз жағдайына қарайды ғой.

Арман Шораев ағамызға ерекше алғыс айтқым келеді. Ол кісі жақсы көмектесті. «Жағдай тұрақталған бойда ақшаңыздың бәрін қайтарамын», десем «қажет емес, ол жағына қам жеме», дейді. Бірақ маған қаржылай көмектескендердің тізімін жазып жүрмін, бұйыртса, бәрін қайтарамын.

3 шілдеге дейін өйтіп-бүйтіп күнелту керек. Әрі қарай бәрі ретке келер. 22 жаста мынадай өмірді көргенім үшін Құдайға шүкір деуден басқа айтарым жоқ.

– Ата-анаңыз үйге қайтуыңызды талап еткен жоқ па?

– 12 жасымда Алматыдағы республикалық колледжге кеттім. Сондықтан ата-анам менің сыртта жүргеніме үйренген. Бастапқы күндері Украинаның сыртқы істер министрі Дмитрий Кулеба арқылы, сонан соң елшілер арқылы қайтарғысы келген. Күнде жылайтын, қазір көндіге бастады. Әкем мінезді кісі, «Мәди ақымақ емес, ол өз күнін өзі көре алады», деп анамды жігерлендіріп қояды екен.

> “Киевте бірқатар жақсы адаммен таныстым, алдымен маған көмектесті. Қиын-қыстау күндер туғанда мен оларға көмектестім. Зейнетақы қорындағы ақшамды шешіп алдым. Өзімнің де жиған-терген біраз қаражатым бар еді. Әскерге, тұрғындарға, балаларға қолұшын создым. Сөйтіп, 40 мың еуродай ақша кетті».

– Бірақ тыныш заманда өз еліңде басқа қалаға кету бөлек те, соғыс болып жатқан бөтен елде қалу бөлек қой...

– Қазақстан – менің Отаным, бірақ үйім – Украинада.

Команданы тек шетелден іздеймін, ол анық. Мәселе ақшада емес – деңгейде. Елде қолайлы жағдайда өмір сүресің, бәрі бар, қарның тоқ, ал мұның бәрі сенің бір орнында тұралап қалуыңа басты себеп. Ал мен өскім келеді. Қазір украин тілін үйреніп жүрмін, ағылшын тілін жетілдіруге тырысамын. Жан-жақтан келген журналистермен ағылшынша сөйлесемін.

– Қазір Украинада жағдай қалай?

– Бәрі тыныш. Адам кез келген өмірге үйренеді ғой. Қазір әскерилерден басқасының бәрі біраз босаңсып қалған сияқты.

– Жұмыс істеуге мүмкіндік бар ма?

– Тұрғындар жұмысқа барып жүр, бірақ айлық көп емес. Өйткені қаржының басым бөлігі қайда кетіп жатқаны түсінікті. Өз басым дәл қазір жұмыс істеп жүрген жоқпын. Себебі ештеңеге алаңдамай, футболға барғым келеді.

– Қайда жаттығып жүрсіз?

– Арнайы залдарға, стадионға баруға мүмкіндік жоқ. Ара-тұра ересек әуесқой футболшылармен доп теуіп тұратынымыз бар. Негізінен жеке жаттығамын. Тіземді, постта тұрып құлағымнан алған жарақатымды емдетсем, басқасының бәрі жақсы болады деп үміттенемін.

– Соғыс басталған алғашқы күндерде шетелдіктердің барлығын эвакуациялады, қазақстандықтарды да лек-легімен елге әкелді. Сіз қалай қалып қойып жүрсіз?

– Абыр-сабырда мені де өзгелермен бірге эвакуациялаймыз деген. Бірақ келіспей қойдым. Украина қауіпсіздік қызметіне барып осында қалатынымды да ескертіп қойдым. Олар мені Ұлттық қауіпсіздік комитеті арқылы тексерді. Бәрі таза шыққан соң, ештеңе деген жоқ. Десек те әрі-бері жүргенде әлі де тексеріп тұрады. Қазір көбісі таниды, амандасып, хал-жағдайымды сұрайды. Мен де шамам жеткенше көмектесемін, №2 постта тұрдым.

– Алмағайып уақытта неліктен Киевте қаламын деп шештіңіз. Бұл өте қауіпті ғой. Әлде соғыс ұзаққа созылмайды деп ойладыңыз ба?

– Қаңтардағы төңкеріс кезінде Алматыда болдым. Досымның туған күніне барып, сол күйі үйден шыға алмай қалдық. Жалпы, қорқыныш дегенді білмеймін. Кімнен, неден қорқамын?! Қай сәтте де Құдай көмектесетінін білемін. Басқасы маңызды емес.

Киевке келгенде жан тыныштығын сезіндім. Ештеңеге қарамай осында қалуымның басты себебі сол. Тағдыр шығар. Бұйыртса, азаматтық ауыстыру туралы өтініш бермекпін, себебі Украина құрамасында өнер көрсеткім келеді. Мұндағылар да көмек қолын созуға дайын. Бастысы, футбол ойнасам деймін. Егер клубпен келісе алмасам, басқасын іздеймін, тіпті болмаса аздап жұмыс істеп, басқа елдің клубтарымен келіссөз жүргіземін. Бірақ әзірге Қазақстанға бармаймын. Оның үстіне үзілісім ұзаққа созылғандықтан, ол жақта мені ешкім құшағын жая қарсы ала қоймас.

– Неге олай болды, отандық футболға қатты ренжідіңіз бе?

– Әркім өз жолын өзі таңдайды. Менің көздегенім – ТОП бес чемпионаттың бірінде ойнау. Әрине, Қазақстан құрамасының Ұлттар лигасындағы жетістіктеріне қуанамын, тілекшімін, жігіттердің бәрін жақсы танимын, доспыз. Бірақ мен өз жолыммен жүргім келеді.

– Украина құрамасында ойнағым келеді дейсіз. Бұл қаншалықты жүзеге асуы мүмкін мақсат?

– Әбден мүмкін. Украина құрамасында әртүрлі деңгейдегі клубтарда ойнайтын ойыншылар бар, әлемнің үздік клубтарында да, жергілікті командаларда да. Мен баратын команда ол Премьер-лиганың қатысушысы. Бастысы, сондағы футболшылардан кем өнер көрсетпеу керек. 3 шілдеде оқу-жаттығу жиындары өтеді, барлығы жақсы болса, сосын төлқұжат мәселесіне кірісемін.

Украинаның жастар құрамасымен, «Динамо», «Шахтермен» ойнағанмын, сондықтан футболшыларын танимын.

– Енді сол ақпанда әлемді абдыратқан ақпаратқа қайта оралсақ. Соғыс басталғанын естігенде қандай сезімде болдыңыз?

– Күлкім келді. Себебі адамның ақылына қонбайтын дүние ғой. Бәріміз жертөлеге түстік, біраз сонда болдық. Бірақ мен бұлай көп отыра алмайтынымды түсініп, сыртқа шықтым. Жергілікті тұрғындармен, әскерлермен таныса бастадым.

– БАҚ-та сіздің Украинаның қарулы күштері құрамының қатарына енбек болғаныңызды оқып едік. Бұл қаншалықты рас?

– Қазір Украина қарулы күштерінің штаттан тыс өкілімін (күліп). Шын, ондай ойым болған, ата-анам түбегейлі қарсылық танытты. Жай көмектесіп жүріп қаруды ұстауды үйрендім. Тіземді толықтай емдеп алған соң қайта барамын.

– Сонда сіз қолыңызға қару алуға дайынсыз ба?

– Әрине. Бұл бірінші кезекте менің қауіпсіздігім үшін қажет. Мұнда соғыссаң, Қазақстан Конституциясына сәйкес, сатқын ретінде қамаласың. Ал заңды былай қойғанда, өз-өзімді қорғай алмасам, атыс басталған бойда-ақ өліп кетуім мүмкін ғой. Соғыс пен қаруды ойын және ойыншық ретінде көретіндердің қатарынан емеспін, мұндай қадамға тек қауіпсіздік үшін барсам деймін.

– Ресейге қатысты сіздің қарым-қатынасыңыз қаншалықты өзгерді?

– Түбегейлі. Киевте жүргенде Самараның «Крылья Советов» клубы мен «Ахмадтан» хабарласты, бастарттым. Бөгденің үйіне баса-көктеп келіп, оның шырқын бұзуға ешкімнің хақы жоқ. Қазақстан мен Ресей көршілес елдер, ортақ дүниелер көп. Бірақ Ресей мен үшін енді жоқ.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен
Мәдина АСЫЛБЕК

БАЛУАНДАР ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖҮЛДЕЛЕРІН САРАПҚА САЛДЫ

ЕРКІН КҮРЕСТЕН ҚАРАҒАНДЫДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕДЕЛДІ БАЛУАНДАРЫ КЕНШІЛЕР ҚАЛАСЫНДА БАС ҚОСЫП, ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ТҮРЛІ-ТҮСТІ ЖҮЛДЕЛЕРІН САРАПҚА САЛДЫ. СОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ҚҰРЛЫҚТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ДОДАЛАРДА ДАРАЛАНҒАН САҢЛАҚТАР ДА БАР. ЖАРЫСТЫ ӘДЕТТЕГІДЕЙ ЕРКІН КҮРЕС ШЕБЕРЛЕРІ БАСТАДЫ. АЛҒАШҚЫ КҮНІ БЕС САЛМАҚ ДӘРЕЖЕСІНІҢ ЖҮЛДЕЛЕРІ САРАПҚА САЛЫНДЫ.



Балуандар бәсекесінің алғашқы күнінде «Қарағанды Аренаға» жиналған жанкүйерлер 74 келі салмақтағы спортшылардың сайысын қызыға тамашалады. Себебі бұл салмақ дәрежесінде кіл мықтылар жиналған екен. Солардың арасынан Нұрқожа Қайпанов пен Данияр Қайсанов суырылып шықты. Бірі – еліміздің солтүстік, екіншісі – шығыс өңірінің тумасы. Екеуінің де есімі қалың көрерменге етене таныс. 24 жастағы Нұрқожа 2019 жылы Нұр-Сұлтандағы әлем чемпионатында күміс медальды мойнына іліп, 2019 және 2021 жылдары Азия біріншілігінде бас жүлдені олжалады. Осыдан екі ай бұрын Моңғолияда өткен Сары құрлықтың басты додасында Қайпанов күміс медальды иеленді. 28 жастағы Даниярдың әлем чемпионатының қола және Азия ойындарының күміс жүлдегері деген атақтары бар. Қайсанов та Азия чемпионатының алтын тұғырына екі мәрте көтерілді.

Негізі «Қайпанов мықты ма, Қайсанов па?» деген сұрақ жанкүйерлердің көкейінде көптен бері жүрген еді. Осындай сауал жолданған сәтте көпті көрген кәнігі бапкерлердің өзі де жауап бере алмай, біраз әбігерге түскеніне сан мәрте куә болғанбыз. Бұл жолы қос мықтының жолы финалда түйісті. Бірінші кезең тек аңдасумен өтті. Соңғы сәтте алғашқы ұпай Даниярдың еншісіне жазылды. Оның өзінде жасалған ұтымды әдісі үшін емес, белсенділігі үшін берілді. Үзілістен кейін Қайсанов жиі шабуылдағанымен, қарсыласы үнемі оның алдын орап отырды. Сондай мезеттердің бірінде қарсыласының артына шығып, екі ұпайды иеленді. Біраз уақыттан соң қайта дәл сондай әрекетке барды. Ақырында амалы таусылған Данияр қарсыласуды қойды. Нәтижесінде, 14:3 есебімен жеңіске жеткен Нұрқожа Қайпанов Қазақстан чемпионы атанды. Ал қола медальды павлодарлық Азат Сақаев пен Алматы облысының өкілі Ернар Сатыбалды иеленді.

Дәл осы салмақта әлем чемпионатының күміс жүлдегері Нұрлан Бекжанов пен жуырда ғана Алматыда өткен «Болат Тұрлыханов кубогында» өрелі өнерімен көзге түсіп, күміс медальды иеленген Родион Анчугин де күресуге тиіс еді. Алайда жарақатына байланысты олар боз кілемге шықпады. Еліміздің тағы бір беделді балуаны Азамат Өміржанов болса, алғашқы айналымнан аса алмады.

79 келі салмақ дәрежесінің финалында атыраулық Болат Сақаев пен маңғыстаулық Жігер Зәкіров белдесті. Бұл тартыс алғашқысының пайдасына шешілді. Таяуда ғана Алматыда ұйымдастырылған «Болат Тұрлыханов кубогында» дәл осы балуан еркін күрестен Қазақстан құрамасының қоржынына жалғыз алтынды салған еді. Бұл жолы да Болат өзінің бабында екенін байқатты.

57 келі салмақта жамбылдық Рахат Қалжанға тең келер ешкім табылмады. Финалда ол шымкенттік Жаһангер Ахматжановтан айласын асырды. Шымкент қаласының тағы бір балуаны Асыл Айтақын мен Алматы облысының өкілі Өсімжан Дастанбек 61 келі салмақ дәрежесінің бас жүлдесін өзара сарапқа салды. Бұл бәсекеде Асылдың асығы алшысынан түсті. 97 келі салмақта Мамед Ибрагимов ел чемпионы атанды. Павлодарлық балуан финалда қарағандылық Серік Бақытхановтан басым түсті.

Жарыстың екінші күні біз тағы бес салмақ дәрежесі бойынша өткен бәсекелерді тамашаладық. Бұл жолы жанкүйерлер алыптардың айқасын тағатсыздана күтті. Көпшілік жорамалдағандай, бас жүлдені еліміздің ең белді екі балуаны – Юсуп Батырмұрзаев пен Олег Болтин өзара сарапқа салды.

Даңқты Дәулет Шабанбай үлкен спорттан қол үзгеннен кейін аса ауыр салмақтың тізгінін Олег Болтин өз қолына алған еді. Елішілік жарыстарда қарсылас шыдатпай, халықаралық аренада да елеулі табыстарға қол жеткізді. Шамамен сол кездері Дағыстаннан Қазақстанға Юсуп Батырмұрзаев есімді балуан қоныс аударды. Қап тауы бөктерінде туып-өскен ноғай жігіті де бірден жақсы нәтижелер көрсете бастады. Осылайша, жоғарыда есімдері аталған қос спортшы арасында ымырасыз бәсеке өрбіді. Халықаралық додаларда екеуі де тәуір күресті. 2020 жылы Юсуп Нью-Делиде Азия чемпионы атанса, Олег 2021 жылы Алматыда дәл сол атаққа қол жеткізді. Сол тұста ұлттық құрама бапкерлерінің «Токио Олимпиадасына қайсысын апарғанымыз жөн?» деген сауалға біраз бас қатыруына тура келді. Содан олар рейтингтік турнирге Батырмұрзаевты қосты. Алматыда ол ел сенімін ақтап, алтын тұғырға көтерілді. Нәтижесінде, Юсуп Олимпия ойындарына аттанса, Олег елде қалды.

Келесі олимпиялық циклде өз мүмкіндігін қалт жібермеуге бекінген Болтин Қарағандыда барын салды. Шығыс Қазақстан облысының өкілі барлық қарсыласын сыпыра ұтты. Финалда оны Батырмұрзаев күтіп тұрды. Екеуара тартыс тек тіресумен өтті. Алғашқы ұпайды Олег алса, екінші кезеңде Ақтөбеден келген алыптың асығы алшысынан түсті. Сөйтіп, Юсуп Батырмұрзаев өзінің мықтылығын дәлелдеп, кезекті рет ел чемпионы атанды.

Майталман мамандар 92 келі салмақ дәрежесіндегі бәсекеге де айрықша назар аударды. Барлық қарсыласын қапы қалдырған Әділет Даулынбаев пен Нұрғали Нұрғайыпұлы финалда жолықты. Бұл кездесудің фавориті Алматы қаласының өкілі еді. Әділеттің Азия ойындары мен құрлық чемпионатының жүлдегері деген атақтары бар. Нұрғали Нұр-Сұлтандағы әлем чемпионатында бесінші орынға табан тіреген. Бәсеке барысында 3:1 есебімен ұтып жатқан астаналық балуан бозкілемнің сыртына құлап, аяғын ауыртып алды. Сол кезде Даулынбаев таразы басын теңестірді. Десек те, жарақаты жанына батса да, жанкештілік танытқан Нұрғайыпұлы жеңісті атақты қарсыласының уысынан жұлып әкетті.

Өзге салмақ дәрежелерінің финалдық сайыстары да қызықты өтті. 65 келі салмақта қарағандылық Әділ Оспанов озды. Ақтық сайыста ол алматылық Әуез Сейітбаевтан айласын асырды.

70 келі салмақта атыраулық Сырбаз Талғатқа тең келер ешкім табылмады. Шешуші тұста Сырбаз жергілікті балуан Ғалымжан Ибадулладан басым түсті. 86 келі салмақтың бас жүлдесі үшін ақтөбелік Абылайхан Нұрсұлтанов пен оралдық Нұржат Исағалиев белдесті. Бұл тартыс алғашқысының пайдасына шешілді.

Жарыстың соңғы күні әйелдер күресінен 10 салмақ дәрежесінің жүлделерін сарапқа салды. Бұл жарыста Алматы облысынан келген қыздар атой салып, жалпыкомандалық есепте көш бастады. Олар 126 ұпай жиды. Екінші сатыға жергілікті спортшылар (115 ұпай) жайғасса, Ақмола мен Шымкенттің өкілдері (95 ұпай) үшінші және төртінші орындарды өзара бөлісті.

Әйелдер күресінен жарыс айналмалы жүйе бойынша өтті. Жалпы есепте озған Алматы облысының балуандары арасында алғашқы алтынды аса жеңіл салмақтағы Айгүл Нұрәлім жеңіп алды. 55 келі салмақта жастар арасындағы әлем біріншілігінің (U-23) екі дүркін қола жүлдегері Марина Седневаның бағы жанды. 62 келі салмақ дәрежесінде Аяулым Қасымова қарсылас шақ келтірмеді. Азия чемпионатында екі рет жүлдегерлер қатарынан көрінген Аяулым шешуші тұста күні кеше ғана Бішкекте өткен 23 жасқа дейінгі балуандар арасындағы құрлық біріншілігінде бас жүлдені олжалаған ақмолалық Ирина Кузнецованы қапы қалдырды. Тағы бір бас жүлдені Гүлмарал Еркебаева олжалады. Азия чемпионатының төрт дүркін қола жүлдегері деген атағы бар балуан бұл жолы да алдына жан салмады.

«Қарағанды-Аренаға» жиналған жұрт 65 келі салмақтағы сайысты қызыға тамашалады. Бұл жерде негізгі бәсекелестік шымкенттік Елена Шалыгина мен шығысқазақстандық Ирина Казюлина арасында өрбіді. 35 жастағы Шалыгинаның Бейжің Олимпиадасының қола жүлдегері, әлем чемпионатының үш дүркін жүлдегері, Азия ойындарының жеңімпазы, Азияның екі дүркін чемпионы секілді толып жатқан атақ-даңқы бар. Осыдан бірер жыл бұрын ол үлкен спорттан қол үзген. Биыл боз кілемге қайта оралды. Жуырда Елена Алматыда өткен Болат Тұрлыхановты еске алуға арналған халықаралық турнирде күресті. Бірақ қадамы сәтсіз болды. 27 жастағы Казюлина да қара жаяу емес. Ол жастар арасында Азия чемпионы атанып, әйелдердің құрлық біріншілігінде үшінші орынды иеленген. Өте шиеленісті өткен бәсекеде талай ірі дүрмектерде ысылған Шалыгинаның асығы алшысынан түсті.



Өзге салмақ дәрежелерінде ақмолалық Эллада Махяддинова (53 келі), Әлбина Қайыргелдинова (68 келі), Александра Зайцева (72 келі) және нұрсұлтандық Эмма Тисина (57 келі) мен Диана Қаюмова (59 келі) сынды бұрымдылар жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Тағы бір айта кетерлік жайт, әйелдер күресінен еліміздің ең белді балуандары – Жамиля мен Мадина Бақбергеновалар бұл жарыстан босатылды.

Заңғар КЕРІМ

ҚАРАҒАНДЫ

ЖАСӨСПІРІМДЕРІМІЗ ТАРИХИ НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТЫҢ КЛАССИКА, РАПИД ЖӘНЕ БЛИЦ ТҮРЛЕРІНЕН ЖАСӨСПІРІМ ҰЛДАР МЕН ҚЫЗДАР АРАСЫНДА ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛДЫ.

Әкежан Рамазанов пен Жарас Исаханов шәкірттерімен бірге

Блицтен чемпион Досан Еркебұлан, жаттықтырушысы – Алтынбек Құсайынов

Жарысқа еліміздің он төрт облысы мен негізгі үш бас қаласынан суырылып алға шыққан бес жүзге жуық тоғызқұмалақшы жиналды. Бұл жолғы біріншілікте (9, 11, 13, 15 жас) 96 жүлде сарапқа салынды. Бұл чемпионат тарихында Шығыс Қазақстан облысы тұңғыш рет бес алтын, үш күміс және төрт қола, жалпы есепте он екі жүлдемен жалпыкомандалық есепте бірінші орын алды. Екінші және үшінші орындарды Ақтөбе мен Қостанай облыстарының жасөспірім тоғызқұмалақшылары иеленді.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша алтын жүлде алғандар: Ерін Ернар, бапкері – Бақан Оразиманов (Ұлан ауданы), Аяна Исахан, бас бапкері – Жарас Исаханов, Малика Асемханова, жаттықтырушысы – Леонид Парфиевич және ағайынды Еркебұлан мен Бексұлтан Досандар, алғашқы ұстазы – Алтынбек Құсайынов (төртеуі де Семей қаласындағы №2 облыстық арнайы спорт мектебінің түлектері).

Жарысқа атсалысып, Шығыс Қазақстан облысы командасын чемпионатқа дайындағандар: Жарас Ілиясұлы Исаханов (ШҚО), аға бапкер Бақытбек Илямбиұлы Оразиманов (Ұлан ауданынан), Мұхит Әлиханұлы Мағзұмов (Тарбағатай ауданынан), Леонид Борисович Парфиевич, Алтынбек Құсайынов, Әкежан Рамазанов пен Кенже Құрманов және басқа да атсалысқан жаттықтырушылар мен жетекшілерге алғыс.

Мұрат ОҚАСОВ,
Гуманитарлық-экономикалық колледжінің математика мұғалімі, ұлттық дәрежедегі төреші

СЕМЕЙ

ГРАНД СЛАМ:

ЖЕТІСТІГІМІЗ – ЖЕТІ АЛТЫН МЕДАЛЬ

ДЗЮДОДАН ҰЛАН-БАТЫРДА (МОҢҒОЛИЯ) ӨТКЕН ГРАНД СЛАМ ТУРНИРІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫНЫҢ БАЛУАНДАРЫ ТӨРТ ҚОЛА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛҒАНЫ БАРШАМЫЗҒА БЕЛГІЛІ. ДӘРЕЖЕСІ ЖАҒЫНАН ОЛИМПИАДА, ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ, ШЕБЕРЛЕР САЙЫСЫ СИЯҚТЫ ЖАРЫСТАРДАН СОҢ ТҰРАТЫН ГРАНД СЛАМ ТУРНИРІНДЕ ЖҮЛДЕ АЛУ ДЗЮДОШЫЛАРЫМЫЗ ҮШІН ҮЛКЕН ЖЕТІСТІК. ӘСІРЕСЕ ҚЫЗДАР ҚҰРАМАСЫ БҰЛ ТУРНИРДЕ ӨЗДЕРІН ЖАҚСЫ ЖАҒЫНАН КӨРСЕТІП, ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕ ӘЖЕПТӘУІР ҰПАЙҒА КЕНЕЛДІ.

Десек те, соңғы жылдары Қазақстан дзюдошылары үшін Гранд Слам бәсекесі алынбас қамал болып тұрғанын мойындау керек. Өйткені, осыдан үш жыл бұрын Біріккен Араб Әмірлігінің астанасы Абу-Даби қаласында Ғұсман Қырғызбаев қарсылас біткенді қапы қалдырып, 60 келі салмақта топ жарған еді. Содан бері оннан аса Гранд Слам өтсе де, әзірге қоржынымызға алтын медаль салатын балуандар болмай тұр. Ұлан-Батырда Елдос Сметов, Ғұсман Қырғызбаев сияқты балуандарға үлкен сенім артып едік. Алайда ұлттық құрамадағы тәжірибелі деген балуандарымыз салмақ ауыстырғалы бері жүлде алғаннан гөрі жығылғандары көп болып кетті.

Жалпы, Қазақстанның дзюдошылары еліміз Тәуелсіздік алған 30 жылдың ішінде әлем чемпионаты мен Шеберлер сайысының алтын медалін 2 реттен иеленсе, Гран-придің алтынын 30 рет жеңіп алыпты. Ал Гранд Сламның бас жүлдесі елімізге жеті рет келген екен. Енді соны оқырмандар назарына рет-ретімен баяндап өтсек.

МАКСИМ РАКОВ – ГРАНД СЛАМ ЖЕҢІМПАЗЫ. 100 КГ. БАКУ. ӘЗЕРБАЙЖАН. 09-11 МАМЫР. 2014 ЖЫЛ.

Қазақстан дзюдошыларының арасында Гранд Слам сайысында алғашқылардың бірі болып суырылып шыққан қарағандылық Максим Раков. Бүгінде бапкерлік қызметке ден қойған Раков 2014 жылы Әзербайжан астанасында қарсылас шақ келтірмей, Гран Сламның бас жүлдесін қанжығасына байлады. Қарағандылық балуан финалға дейін грузин Александр Мсхаладзе, Араб Әмірлігінен келген Иван Ремаренконы және өзбекстандық Рамзиддин Саидовты тізе бүктірді. Ал бас жүлде үшін болған тартыста татами қожайыны, 2013 жылғы әлем чемпионы Элхан Маммадовтан айласын асырды. Осылайша, Максим Раков Қазақстан дзюдо тарихында тұңғыш рет Гранд Сламның алтын медаліне ие болды.

РУСТАМ ИБРАЕВ – ГРАНД СЛАМ ЖЕҢІМПАЗЫ. 60 КГ. БАКУ. ӘЗЕРБАЙЖАН. 8-10 МАМЫР. 2015 ЖЫЛ.

2014 жылы Әзербайжан астанасында Қазақстанның Әнұранын асқақтатып, көк Туымызды желбіретіп кеткен Максим Раковтың жеңісті жолын араға бір жыл салып, ақтөбелік Рустам Ибраев қайталады.

60 келідегі Рустам Баку төрінде бес белдесу өткізді. Алдымен Швейцария, Австрия елдерінен келген қарсыластарын ұтты. Ширек финалда жергілікті балуан Орхон Сафаровтан жеңіліп жатып, жекпе-жек аяқталуға 12 секунд қалғанда жеңісті жұлып әкетті. Жартылай финалда неміс балуанымен болған белдесуде де Рустам ұтылып жатып, жекпе-жектің соңында қарсыласын қапы қалдырды. Финалда француз балуаны Венсан Лимардың осал тұсын тапты.

Жалпы, 2015 жыл Рустам Ибраев үшін өте сәтті жыл болды. Гранд Слам сайысынан бөлек, Рустам Астанада (қазіргі Нұр-Сұлтан) өткен әлем чемпионатында күміс жүлдегер атанды.



ОТГОНЦЕЦЕГ ГАЛБАДРАХ – 2 ДҮРКІН ГРАНД СЛАМ ЖЕҢІМПАЗЫ ПАРИЖ. ФРАНЦИЯ. 6-7 АҚПАН. 2016 ЖЫЛ. АБУ-ДАБИ. БАӘ. 28-30 ҚАЗАН. 2016 ЖЫЛ.

Қазақстан дзюдошыларының арасында әзірге екі мәрте Гранд Слам турнирін жеңіп алған Отгонцецег Галбадрах қана. Ол 2015 жылы Моңғолия азаматтығын Қазақстан азаматтығына айырбастады. Соған байланысты Халықаралық дзюдо қауымдастығы Галбадрахтың әлемдік рейтингте жиған-терген ұпайының барлығын тартып алды да, спортшымызға бәрін қайтадан бастауға тура келді.

Отгонцецег Галбадрах Қазақстанға келе салысымен Гран-при сияқты жарыстардан жүлде алып жүрді. Бірақ, Гранд Сламда жолы болмай-ақ қойды.

2016 жылдың ақпан айында Парижде өткен Гранд Слам турнирі Галбадрах үшін ұмытылмас сәттердің бірі болды. Біріншіден, ол көптен күткен Гран Сламның бас жүлдесін жеңіп алды. Сөйтіп, әлемдік рейтингте қомақты ұпайға қол жеткізіп, Рио олимпиадасына жақындай түсті. Екіншіден... және ең бастысы, Галбадрах өзінің ежелгі қарсыласы, бұрынғы отандасы Мунхбат Уранцецегті финалда тізе бүктірді. Дәл осы балуанға бола Галбадрах өзінің тарихи отанынан кетуге мәжбүр болған.

Моңғол мектебінде тәлім алып, Қазақстан дзюдосына айтарлықтай үлес қосқан Отгонцецег Галбадрах халықаралық аренада не керек, бәрін алды. Рио олимпиадасында Қазақстанның қоржынына қола медаль салды. Әлем чемпионатында екі рет үздік үштіктен көрінді. Азия ойындарында да қола медальға қол жеткізді. Гран-приден тергендері де бір төбе.

Отгонцецег Токио олимпадасынан кейін Моңғолияға қайта оралды. Отау құрды. Сәби сүйді. Сөйтті де спорттық карьерасына нүкте қойды.

ИСЛАМ БОЗБАЕВ – ГРАНД СЛАМ ЖЕҢІМПАЗЫ. 90 КГ. БАКУ. ӘЗЕРБАЙЖАН. 8-10 НАУРЫЗ. 2017 ЖЫЛ.

Гранд Слам бәсекесінде топ жарған төртінші кейіпкеріміз 90 келі салмақта күрескен Ислам Бозбаев. Осыдан бес жыл бұрын қарағандылық балуан Әзербайжанның Баку қаласында Гранд Слам сайысының бас жүлдесіне ие болып, мерейімізді үстем етті. Жалпы, Баку қаласы балуандарымыз үшін құтты мекенге айналды десек артық айтқанымыз емес. 2014 жылы Максим Раков, 2015 жылы Рустам Ибраев дәл осы Баку төріне төселген татамиде жеңіс тұғырына көтерілген болатын.

Ислам Бозбаевтың Әзербайжан астанасында күресу-күреспеуі екіталай еді. 2015 жылғы әлем чемпионаты кезінде команданың ішкі режімін бұзған Бозбаевты Қазақстан дзюдо қауымдастығы екі жылға спорттан шеттеткен еді. Бірақ бір жарым жыл өткеннен кейін Федерация басшылары Бозбаевтың ісіне кешіріммен қарап, татамиге шығуына қайтадан рұқсат берді. Сөйтіп, біраз үзілістен кейін қайта оралған қарағандылық балуан ә дегенде-ақ мәртебелі жарыстың жеңімпазы атанып шыға келді.

Финалда Ислам әзербайжандық Мамедәлі Мехдиевтің мысын басты. Оған дейін де отандасымыз екі бірдей татами қожайынын жеңген болатын. Нидерландтан келген Ноэль ван 't Эндті де алғашқы белдесулерінің бірінде бұйым құрлы көрмеді.

ЕЛДОС СМЕТОВ – ГРАНД СЛАМ ЖЕҢІМПАЗЫ. 60 КГ. ЕКАТЕРИНБУРГ. РЕСЕЙ. 17-18 НАУРЫЗ. 2018 ЖЫЛ.

Атақ-даңқы жағынан басқа балуандарымыздан шоқтығы биік тұрған Елдос Сметов Гранд Слам бәсекесінде 2017 жылы ғана жеңіске жетті. Осыдан-ақ, Гранд Сламның деңгейі басқа жарыстардан жоғары екенін аңғаруға болады. Елдос 2011 жылдан бүгінге дейін 14 (!) рет Гран Сламға қатысыпты. Соның біреуінде ғана жеңістің ең биік тұғырына көтерілді. Екі рет (2019, 2021) финалда күресіп, күміс жүлдені қанағат тұтты. Бір рет (2020) қола медальдың иегері атанды.

Елдос Екатеринбургтегі жарыста төрт белдесу өткізіп, соның үшеуінде таза жеңді. Финалда жарыс қожайыны Ислам Яшуев те Елдосқа лайықты қарсылық таныта алмады.

ҒҰСМАН ҚЫРҒЫЗБАЕВ – ГРАНД СЛАМ ЖЕҢІМПАЗЫ. 60 КГ. АБУ-ДАБИ. БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІГІ. 24-26 ҚАЗАН. 2019 ЖЫЛ.

Әзірге Гранд Слам турнирін жеңген соңғы жеңімпазымыз Ғұсман Қырғызбаев болып тұр. Ол Біріккен Араб Әмірлігінің Абу-Даби қаласында ұйымдастырылған Гранд Сламда 60 келі салмақта суырылып шықты. 2018 жылы дәл осы Абу-Даби қаласынан қола жүлдемен қайтып еді. Араға бір жыл салып, қола медалін алтынға айырбастады.

Турнир барысында алматылық балуан алдымен корей балуаны Харима Лиден айласын асырды. Екінші белдесуінде әзербайжандық Давуд Маммадсойды тәубесіне түсірді. Жартылай финалға жетер тұста бразилиялық Фелипе Пелимоны жықты да, іле-шала ресейлік Яго Абуладзені де аяқтан шалып, финалға жолдама алды. Бас жүлде үшін болған белдесуде француз Валид Хяр отандасымызға қарсы еш айла таппады.

Былтыр Израиль астанасы Тель-Авив қаласында өткен Гранд Сламда Ғұсман үшінші мәрте жүлдегер атанды. Бұл жолы ол қола медальмен шектелді.

Міне, оқырман қауым, дзюдо күресінде әлемнің кіл мықтылары жиналатын Гран Слам бәсекесінде алтын медаль алған қазақстандық балуандарымыз осылар. Бұдан бөлек, 30 жылдық тарихымызда Гранд Сламнан 11 күміс, 23 қола медаль жеңіп алыппыз. Бұл енді бөлек әңгіме. Газетіміздің алдағы сандарының бірінде Гранд Сламнан дәрежесі бір саты төмен тұратын Гран-при жарысында топ жарған дзюдошыларымыздың жетістіктерін тарқататын боламыз.

Едіге ОРАЗ

АБАЕВ ПОСЕТИЛ ШЫМКЕНТ

МИНИСТР КУЛЬТУРЫ И СПОРТА ДАУРЕН АБАЕВ ВСТРЕТИЛСЯ С ЖИТЕЛЯМИ МЕГАПОЛИСА И ОТВЕТИЛ НА ВОЛНУЮЩИЕ ВОПРОСЫ НАСЕЛЕНИЯ.

В топе вопросы развития культуры, спортивные кружки и поддержка шымкентских талантов, а их на самом деле много! Министр отметил, что вопросы будут решаться постепенно, но, с результатом!

Про спорт говорили много, жители просят наладить систему спортивных кружков, сделать их больше. В мегаполисе практически каждый второй хочет заниматься спортом, говорят жители.

«Проблема с этим вопросом будет решаться, мы сделаем все, чтобы охватить большую часть детей», сказал министр.

Встреча министра с населением длилась около двух часов, люди задали десятки вопросов, на которые ждут не только ответы, но и решения проблем.

Между тем министр культуры и спорта на встрече с населением южного мегаполиса предложил развивать туалетный бизнес и даже выразил готовность поддержать.

По словам Даурена Абаева, многие казахстанцы жалуются на состояние туалетов на трассах и в городе в том числе. Плачевное состояние туалетов или их отсутствие может отрицательно влиять на развитие туризма в регионе. В связи с этим, министр культуры и спорта призывает шымкентцев инвестировать в туалетный бизнес, пообещав поддержку от государства.

«Мы можем поддержать инвесторов, почему нет? Пусть создают проекты, а мы поддержим», сказал Даурен Абаев на встрече с населением Шымкента.

Даурен Абаев ознакомился с ходом строительства спортивной школы на Бозарыке и нового ипподрома.

ВОСЕМЬ МЕДАЛЕЙ ЗАВОЕВАЛИ КАЗАХСТАНЦЫ

ЗАВЕРШИЛСЯ ЧЕМПИОНАТ АЗИИ ПО ТАЕКВОНДО В ЮЖНОКОРЕЙСКОМ ЧХУНЧХОНЕ. В ПОСЛЕДНИЙ ДЕНЬ ТУРНИРА КАЗАХСТАНЦЫ ЗАВОЕВАЛИ ЕЩЕ ТРИ БРОНЗЫ.

В весе 63 кг Адилет Базарбаев в первом поединке без труда одолел вьетнамского таеквондиста со счетом 2:0. Во втором круге его соперником был спортсмен из Афганистана, поединок завершился в пользу Базарбаева. Результат – 2:0. В полуфинале он уступил китайцу – 0:2.

В весе 80 кг Нурлан Мырзабаев одолел представителя Ливана со счетом 2:0, тем самым получив возможность выйти в полуфинал. Однако в этом туре Мырзабаев не смог одолеть узбекистанского таеквондиста. Счет – 1:2.

В весовой категории 67 кг Нурай Хусайнова начала турнир с четвертьфинального боя и оказалась сильнее филиппинки – 2:1. В полуфинале проиграла китаянке со счетом 0:2.

Таким образом, в копилке отечественных таеквондистов 8 медалей.

Ранее Рита Бакишева (46 кг), Жасурбек Исраилов (58 кг), Ботагоз Капанова (49 кг) и Смайыл Дуйсебай (87 кг) стали бронзовыми призерами, Джансель Дениз (74 кг) завоевала серебряную медаль.

АБСОЛЮТНЫМ ЧЕМПИОНОМ МИРА СТАЛ СТРИТЛИФТЕР ИЗ АКТАУ

ЧЕМПИОНАТ МИРА ПРОШЁЛ С 24 ПО 26 ИЮНЯ ОДНОВРЕМЕННО В ДВУХ СТРАНАХ – НИДЕРЛАНД (АМСТЕРДАМ) И КАЗАХСТАН (УРАЛЬСК). УЧАСТНИКАМИ СТАЛИ СВЫШЕ 300 АТЛЕТОВ С БОЛЕЕ ЧЕМ 25 СТРАН.

Ильдар Ягьяев завоевал титул абсолютного чемпиона вне зависимости от весовой категории в классическом двоеборье, набрав коэффициент 62,67.

Валид Гаджибеков занял второе место в сумме двух движений с максимальным весом (подтягивание+брусья) в категории до 90 килограммов.

Сундет Джайлаубаев удостоился первого места в сумме двух движений (подтягивание + брусья) в категории до 67,5 килограммов в юниорах.

«Золото» в любителях с весом 24 килограмма в мультилифтинге в категории до 60 килограммов принёс Руслан Асильев.

Ещё одну золотую награду среди любителей с весом 24 килограмма в мультилифтинге в категории до 67,5 килограмма завоевал Абылайхан Аяп.

На первую ступень пьедестала поднялся также Эльвин Садыков в любителях с весом 24 килограмма в мультилифтинге в категории до 75 килограмм.

– Наша основная цель – это популяризация и продвижение доступного спорта в области, да и в Казахстане в целом. Хотелось бы сообщить о радостной новости - наш проект по улучшению благосостояния города - площадка «Muscle beach», набрала достаточное количество голосов и будет построена на набережной Актау. Мы также уже получили аккредитацию в области и финансовую поддержку. Хотели бы выразить благодарность областному управлению спорта в лице Каната Жумабаева. В ближайшем будущем подаём аккредитацию на республиканском уровне и дальше заявку в олимпийский комитет для включения данного движения в олимпийские игры, – поделился Ильдар Ягьяев.

БОЕВЫЕ ИСКУССТВА В СТОЛИЦЕ

В НУР-СУЛТАНЕ ЗАВЕРШИЛСЯ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ТУРНИР ПО КАРАТЕ-ШИНКИОКУШИНКАЙ НА КУБОК СТОЛИЦЫ.

Соревнования прошли в спортивном комплексе «Аспан». В турнире, приуроченном к 30-летию городской федерации карате-киокусинкай-шинкиокушинкай, приняло участие свыше 500 спортсменов, приехавших со всех регионов Казахстана.

– Согласно посланию Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева, массовый спорт у нас активно развивается, и один из самых интересных его видов – это шинкиокушинкай-карате. Об этом свидетельствует проведение в стране республиканского турнира по данному виду спорта. Выражаю искреннюю благодарность Министерству культуры и спорта, а также Федерации шинкиокушинкай-карате города Нур-Султан за огромный вклад в организацию соревнования. Да победит сильнейший! – сказал на церемонии открытия турнира заместитель акима столицы Нурлан Нуркенов.

В упорных и бескомпромиссных поединках на татами приняли участие как совсем юные бойцы, так и каратисты-ветераны.

Кроме того, в рамках республиканского турнира был проведен чемпионат Республики Казахстан по виду ката-шинкиокушинкай.

ГОНКА СРЕДИ ЮНИОРОВ

В ГОРОДЕ НЬЮ-ДЕЛИ (ИНДИЯ) ПРОШЕЛ ЧЕМПИОНАТ АЗИИ ПО ВЕЛОСПОРТУ НА ТРЕКЕ СРЕДИ ЮНИОРОВ. В СОРЕВНОВАНИЯХ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ 86 ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ 27 СТРАН.

В составе национальной молодежной сборной команды РК выступили три спортсмена Карагандинской области: Кирилл Курдиди (МСМК), Илья Карабутов (МС РК) и Резван Бейсембаев (МС РК). Они завоевали пять медалей!

Карабутов Илья занял первое место в командной гонке преследования и стал победителем в дисциплине «омниум».

Курдиди Кирилл и Бейсенбаев Резван завоевали серебряные награды в командном спринте. Более того, Курдиди Кирилл стал чемпионом в гите 1000 м с места, а также серебряным призером в дисциплине «спринт».

Ребят поздравили с победами в управлении физической культуры и спорта.

Кстати, гонщикам, занявшим первые места, вручаются особые, отличительные майки Азиатской федерации велоспорта, в которых они могут выступать на всех соревнованиях до следующего континентального первенства.

КИБЕР-УСПЕХИ

КАЗАХСТАНСКИЙ ИГРОК HELL RAISERS АРМАН MALADY ОРАЗБАЕВ ЗАНЯЛ ПЕРВОЕ МЕСТО В ТЕКУЩЕМ РЕЙТИНГЕ ЕВРОПЕЙСКОГО РЕГИОНА ПО DOTA 2, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ VESTI.KZ

Казахстанец опередил соперников из таких грандов, как OG, Evil Geniuses и Natus Vincere. Текущий рейтинг Malady составляет 12 тысяч MMR. В профи он провел 89 матчей, из которых 67 процентов завершились победой.

Его команда HR выступает во втором дивизионе Dota Pro Circuit 2021/22: Season 3 для СНГ. За четыре раунда коллектив победил в трех матчах, уступив только No Sorry в дебютной встрече. В случае успеха команда Malady получит путевку в первую лигу, которая определяет участников турниров серии Major.

Ранее Оразбаев выступал за казахстанскую команду V-Gaming, с которой побеждал в Лиге чемпионов по Dota 2.

Добавим, что казахстанца считают одним из лучших саппортов пятой позиции в СНГ.

ВЕЛОПРОБЕГ С ВИНОКУРОВЫМ ПЕТРОПАВЛОВСКЕ

СЕВЕРНЫЙ КАЗАХСТАН ПРИНЯЛ ЭСТАФЕТУ ПРАЗДНОВАНИЯ МЕЖДУНАРОДНОГО ОЛИМПИЙСКОГО ДНЯ В КАЗАХСТАНЕ. В ПЕТРОПАВЛОВСКЕ ПРОШЕЛ ВЕЛОПРОБЕГ. ВМЕСТЕ С ДРУГИМИ УЧАСТНИКАМИ В НЕМ ПРОЕХАЛ ОЛИМПИЙСКИЙ ЧЕМПИОН АЛЕКСАНДР ВИНОКУРОВ.

Этот праздник ежегодно отмечают 23 июня. НОК Казахстана традиционно проводит праздничные акции весь июнь. Мероприятия проходят под слоганом «Чемпионами станут лучшие – здоровыми будут все!».

На старт от Дворца спорта имени Винокурова вышли более ста велосипедистов. Взрослые и дети проехали по улицам города около 10 километров.

Полосу подготовил – **Дамир ТУЛЕГЕН**

АЛЕКСЕЙ АТАЕВ – БОРЕЦ ПО ЖИЗНИ

В ЭТОМ НОМЕРЕ РЕЧЬ ПОЙДЕТ О ПЕРВОМ ЧЕМПИОНЕ СССР ПО ВОЛЬНОЙ БОРЬБЕ АЛЕКСЕЕ АТАЕВЕ





ПУСТЬ ОН ДАЖЕ ВЫИГРАЛ ТОГДА В 1962 ГОДУ МОЛОДЕЖНЫЙ ЧЕМПИОНАТ, НО ЭТО ФАКТ СТАЛ БОЛЬШИМ ДОСТИЖЕНИЕМ ДЛЯ РЕСПУБЛИКИ. КАК РАССКАЗАЛ ЛЕГЕНДАРНЫЙ СПОРТСМЕН ОТ НЕГО СТУДЕНТА ВТОРОГО КУРСА ЮРИДИЧЕСКОГО ФАКУЛЬТЕТА КАЗГУ, НЕ ОЖИДАЛИ ТАКОЙ ПРЫТИ. ВЕДЬ БОРЬБОЙ ОН НАЧАЛ ЗАНИМАТЬСЯ СРАВНИТЕЛЬНО НЕДАВНО.

Даже когда Кабден Байдосов, тренер сборной республики по вольной борьбе пригласил его в состав команды, другие наставники говорили: «Атаев еще не созрел. Он поедет в Минск в качестве туриста». Но у Байдосова, почему-то была уверенность, что Алексей не подведет».

– Может быть, – вспоминал недавно Атаев, – другие наставники были и правы. К тому времени я не тренировался уже месяц. – Обиделся, что на одном из соревнований победу отдали моему сопернику. Поэтому не ходил в спортзал, пока в дело не вмешался Байдосов. Он протянул при встрече талоны на питание. Честно признаться, это и стало решающим. Я ведь жил на стипендию студента. В моем меню были только пирожки за четыре копейки и вода. А тут считаю и удивляюсь: талонов аж, на 75 рублей! Говорю ему: «Это много». Он отвечает: «Знаю. Но ты должен быть готов к чемпионату Союза в Минске». Оставалось всего десять дней. Так я в последний момент попал в сборную Казахстана. Но до чемпионата СССР провел всего одну тренировку.

– И как же вам удалось победить всех своих соперников?

– Когда приехали в Минск, почему-то меня поселили в одном номере с борцом из Грузии. А у того целый кувшин вина. Литров пять. Он наливает мне и говорит: «Пей». Я выпил. То же самое проделал и он. И мы легли спать. Тогда соревнования шли четыре дня. Каждый день мы с соседом пили вино. Всего по одному стакану. Это было своего рода допингом. Вино расслабляло и восстанавливало силы после поединков. К последнему дню в сборной Казахстана остался я один. Остальные все свои поединки проиграли и сошли с ковра. В финале я выиграл у осетина Гусова и стал чемпионом.

– Как встретили героя в республике?

– В отличие от других спортсменов республики мне дали билет на самолет. С аэропорта отправился прямо в зал борьбы. А Петр Филиппович Матущак и другие тренеры спрашивают: как там выступают наши? Ну, я рассказал, что никто не попал в призеры. Самое высокое место – девятое - у Амангельды Габсатарова. Про меня спросили вскользь. Я ответил, что стал чемпионом. Никто не поверил. А когда утром снова пришел в зал, все уже по-другому относились ко мне. Поздравляли. Оказывается, уже напечатали про меня материал в республиканской газете «Қазақ спорты».

– Какие еще победы были у вас в годы спортивной карьеры?

– Успел выиграть еще чемпионат ВСЦПС. Приглашали в сборную страны. Это я об этом позже узнал. Несколько раз, оказывается, телеграмма в спорткомитет приходила - вызов на сборы. И всякий раз моим недругам из стана наставников удавалось уговорить руководство республиканской спортивной организации не посылать меня. То я был «больным», то не в форме – словом, причины находили. А меня не спрашивали. Я и не знал об этом. Однажды случайно встретил в Дагестане одного тренера сборной Союза. Он сразу с претензиями ко мне: «Почему я игнорировал приглашения на сборы?». Я тогда сразу сказал, что не знал о вызовах в сборную СССР.

– Вы стали Заслуженным тренером СССР. А это звание присваивается за большие заслуги. Хотелось бы узнать: кого вы подготовили в бытность наставником?

– Сначала я тренировал борцов-вольников. Мои воспитанники Юрий Малиновский, Петр Суриков, Арам Саакян стали чемпионами СССР, победителями и призерами ряда международных соревнований. Суриков вдобавок выиграл мир. За них и дали. Потом я стал тренировать дзюдоистов. Этот вид начал только культивироваться в СССР. Меня вызывает председатель спорткомитета республики Аманча Акпаев и говорит: «Принимай команду. И отправляйся на Спартакиаду Союза». Это было в 1983 году. Нас никто из соперников даже не брал во внимание. Перед отъездом поставили задачу: быть шестыми. В призерах должны быть борцы греко-римляне и вольники. Но они досрочно закончили состязания, а мы первые два дня прошли без поражений. Приезжает Аманча Сейсенович Акпаев и спрашивает: как, мол, выступаешь, Асельдерович? Я отвечаю: «Пока на первом месте». Акпаев разозлился. «Ты, что, так шутишь?» – говорит он сквозь зубы. Я ему в ответ: «Не шучу. Будем в первой тройке». Да, мы тогда в тройку попали. И злые языки стали чесать: «Атаев купил медали».

– Назовите имена тех ваших учеников, кто на татами прославлял Казахстан.

– Все знают Али Хамхоева. Он был в составе сборной СССР. Выиграл чемпионат Европы. Чемпионом Азии становился Бостан Джамбербаев. Победителями различных соревнований в разное время были: Манчук Давлеткереева, Айсулу Джакияшева, Кайрат Мисикбаев, Ибрагим Вишагуров, Алихан Леймоев, Серик Адыганов и многие другие. Но самый высокий результат – второе место на Олимпиаде в Пекине завоевал Асхат Житкеев. Причастен я, как руководитель отделения дзюдо в РСШИКОР имени Каркена Ахметова, к успехам другого серебряного призера главных стартов четырехлетия в Рио-де-Жанейро Елдоса Сметова.

– Сегодня связь с подопечными держите?

– Не со всеми. Но спасибо, многие не забывают. Иногда звонят...

Абай ИЛЬЯСОВ,
специально для газеты
«Қазақ спорты»

ДЗЮДОИСТ, МНОГОДЕТНЫЙ ОТЕЦ И ПРОСТО ГЕНИЙ. ЗИДАНУ ИСПОЛНИЛОСЬ 50 ЛЕТ!

ЗИНЕДИН ЗИДАН РОДИЛСЯ 23 ИЮНЯ 1972 ГОДА В МАРСЕЛЕ (ФРАНЦИЯ). ВОТ НЕСКОЛЬКО ФАКТОВ ИЗ ЖИЗНИ ИЗВЕСТНОГО ФУТБОЛИСТА.
ЗА СВОЮ КАРЬЕРУ ЗИДАН ПОИГРАЛ ЗА ЧЕТЫРЕ КЛУБА – «КАНН» И «БОРДО» (ОБА – ФРАНЦИЯ), «ЮВЕНТУС» (ИТАЛИЯ), «РЕАЛ» (ИСПАНИЯ). ЗА СБОРНУЮ ФРАНЦИИ ПРОВЕЛ 108 МАТЧЕЙ, ЗАБИЛ 31 ГОЛ. В 1998 ГОДУ СТАЛ ЧЕМПИОНОМ МИРА, В 2000 – ЧЕМПИОНОМ ЕВРОПЫ.

ПРОИСХОЖДЕНИЕ

В СМИ достаточно часто называют Зидана французом алжирского происхождения, и это неслучайно. Родители Зинедина эмигрировали в Париж из области Кабилия в Алжире в 1953 году, незадолго до начала войны в этой стране. В середине 60-х годов переехали в пригород Марселя, где и родился футболист. Мать – домохозяйка, отец – грузчик и ночной сторож в универмаге.

Помимо Зизу (прозвище игрока), в семье было еще четыре ребенка – сестра Лила и три брата – Джамель, Фарид и Нордин. Зинедин, что переводится с арабского как «красота веры», был самым младшим.

Интересно, что у самого Зидана также большая семья – у него в браке с Вероникой Фернандес родилось четыре сына – Энцо (1995), Лука (1998), Тео (2002) и Эльяс (2005). Все они играют в футбол.

ДЗЮДО ИЛИ ФУТБОЛ

Мало кто знает, но в детстве перед Зинединой был выбор – отец чуть ли не настаивал, чтобы сын занимался дзюдо. И Зизу мальчишкой действительно ходил в секцию по этому виду спорта и даже заработал зеленый пояс, что говорило о его несомненном таланте. Кроме дзюдо, Зидан увлекался скейтбордингом и велосипедным спортом. Но все-таки футбол взял свое и вскоре ни у самого Зизу, ни у его родителей не осталось сомнений, что нужно строить футбольную карьеру.

ТРИ ПОБЕДЫ В ЛЧ ПОДРЯД

Каким гениальным футболистом на поле был Зидан, таким же внезапно сходу стал и тренером. Не так часто великие игроки становятся такими же тренерами – их буквально единицы. Можно вспомнить хотя бы Марадону – из гения тренер не получился.

Зато Зидан, получив пост главного тренера «Реала», за первые же три сезона трижды подряд выиграл Лигу чемпионов! Это было настоящим футбольным безумием – такое в современном футболе не покорялось никому.

УДАР ГОЛОВОЙ

В карьере Зидана было множество ярчайших моментов – и голы в двух подряд чемпионатах мира (1998, 2002), и победа на Евро, и великий гол в финале Лиги чемпионов в ворота «Байера». Перечислять можно бесконечно. Но для болельщиков навсегда в памяти под номером один идет удаление Зидана в финале ЧМ-2002 против сборной Италии. Тогда на 110-й минуте матча при счете 1:1 Зидан боднул головой в грудь защитника Марко Матерацци и покинул поле. Как выяснилось впоследствии – это было завершение карьеры.

Долгие месяцы и годы всех волновал один вопрос – что же на самом деле сказал Матерацци Зидану, что француз был вынужден так остро реагировать. Об этом несколько лет спустя рассказал сам защитник.

«Не ожидал такого исхода. Но после его гола тренер попросил меня опекать Зидана, после очередной нашей стычки я вспылил, а он в ответ предложил отдать мне свою игровую футболку после матча. Я заявил, что вместо футболки предпочел бы его сестру, которую также назвал девушкой легкого поведения».

Много раз об этом эпизоде вспоминал в разговоре с журналистами и сам Зидан.

«Матерацци спровоцировал меня. Нет, я не горжусь своим поведением, но это был ответ на провокацию. Извиняться не буду, иначе таким образом признаю его поступок нормальным, а ведь он несколько раз оскорбил мою мать, которая была тогда больна. Наконец, он не является порядочным человеком, чтобы перед ним извиняться».

Источник: aif.ru

Абиба АБУЖАҚЫНОВА,

ДЗЮДОДАН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ:

ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

МОҢҒОЛИЯ АСТАНАСЫ ҰЛАН-БАТЫРДА ДЗЮДОДАН ГРАНД СЛАМ ЖАРЫСЫНДА КӨЗГЕ ТҮСКЕН ҚЫЗДАРЫМЫЗДЫҢ БІРІ АБИБА АБУЖАҚЫНОВА БОЛДЫ. ҚОРЖЫНЫМЫЗҒА ҚОЛА ЖҮЛДЕ САЛҒАН БОЙЖЕТКЕН 500 ҰПАЙ ЖИНАП, ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕ 61-ОРЫННАН ШАМАМЕН 36-ОРЫНҒА КӨТЕРІЛДІ. АБИБА – ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР АТАНҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ. ЕНДІ СОЛ НӘТИЖЕСІН ҮЛКЕНДЕР АРАСЫНДА ДА ҚАЙТАЛАМАҚ.

– Абиба, Гранд Сламдағы жүлдеңіз құтты болсын! Ересектер арасында Үлкен дулыға санатындағы турнирде алған алғашқы жүлдеңіз екен ғой...

– Дәл солай. Ересектер арасында бірінші жүлдемді Азия чемпионатында еншіледім. Ол кезде күміс медаль алғанмын. Ал Үлкен дулыға санатындағы жарыстарға осымен төртінші рет қатысып, төртіншісінде жолым болды.

– Жарыстың ұйымдастырылу деңгейіне қандай баға бересіз?

– Барлығы жақсы, өте жоғары өтті. Бұл мен үшін үлкен тәжірибе. Былтыр қараша айында жарақат алып, қолымды емдеуге біраз уақыт кетті. Содан бері қатысқан екінші турнирім. Мұның алдында Тбилисидегі аламанда бақ сынағанмын.

– Мықты деген қарсыластардың алдын орап кеттіңіз. Мамандар сізді болашағынан зор үміт күттіретін спортшы деп жатыр...

– Екінші кездесуімде өте тәжірибелі израильдік Шира Ришониді жеңдім. Ол әлемдік рейтингте 6-орында тұр. Бұған дейін одан жеңіліп қалғанмын. Қола жүлде үшін күресте 28-орындағы ресейлік Сабина Гилязовадан басым түстім. Әр қарсыласқа жеке-жеке дайындалдық. Оларды зерттеп, кемшіліктерін тиімді пайдаланудың жолдарын іздедік. Тек тәжірибенің аздығы көрінді. Осылай әртүрлі жарыстарға қатысу арқылы әлі де шыныға түсемін деп үміттенемін.

Жалпы, осы турнирде ұлдарға қарағанда қыздар құрамасы жақсы өнер көрсетті. Ұлан-Батырға жеті қыз бардық. Екі қыз үшінші орын, екі қыз бесінші орын және екі қыз жетінші орын алды. Бұл біздің қыздар дзюдосында бұрын-соңды болмаған нәтиже.

– Галбадрах Отгонцецегтің бұрынғы салмағында белдесесіз. Екеуара қарым-қатынасыңыз қалай?

– Бұрын белдесіп, жеңіліп қалғанмын. Одан кейін жарыстарда жолымыз түйіскен жоқ. Бірақ Моңғолиядағы додада көп көмегі тиді. Менімен бірге жаттығу жасап, ақыл-кеңесін айтты. Қарым-қатынасымыз да жақсы.

– Бұрын қазақ қыздарының арасында Гүлжан Иссанова ғана жүлдегерлер қатарына еніп жүретін. Қазір көбейе бастады. Не өзгерді?

– Жаттығудың, бапкерлердің дұрыс тактикасының арқасы. Қазір күніне үш рет жаттығу жасаймыз. Бастысы, қазақ қыздарының бойында жеңіске деген сенім артқан сияқты. Яғни әлемдік аламандарда үздіктер қатарына кіре алатынын түсінді.

– Қазір сіздерде демалыс па?

– Жоқ, біз Моңғолиядан келісімен оқу-жаттығу жиындарына кірісіп кеттік. Себебі 6 шілде күні Мажарстанға аттанамыз. Ол жақта кезекті Гранд Слам жарысы күтіп тұр.

– Азия ойындары келесі жылға қалдырылғанмен, биыл өзге де маңызды аламандар бар. Негізгі мақсат қандай?

– Тамызда елордада Азия чемпионаты ұйымдастырылады. Әлем чемпионаты тағы бар. Осы аламандарда барымызды салатынымыз анық. Жастар арасында әлем чемпионатының жүлдегері атанған алғашқы қазақ қызымын. Енді ересектер арасында қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы болғым келеді.

– Оқырманға өзіңіз жайлы аз-кем ақпарат бере кетсеңіз.

– Атырау облысының тумасымын. Спортпен айналысқаныма 13 жылдай болды. Анам мені төрт жасымда көркем гимнастика үйірмесіне апарған. Бірақ үйірме жабылған соң, дзюдоға ден қойдым. Аяқ-қолдарым қайта-қайта шығып кете беретін. Сондықтан анам көпке дейін қарсы болды. Алайда дзюдоның ұнайтынын айтып, алған бетімнен қайтпай қойдым.

– Есіміңіз де ерекше екен. Не мағына білдіреді?

– Әкемнің әжесі қойған. Ешкімге ұқсамасын деген екен. Атым араб тілінен алынған – «тасты жарып шыққан бұлақ» деген мағына білдіреді.

● **МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ** – *«Sport&ks» газетінің редакциясы» ЖШС*

Мәулетхан АҚСАНОВ – Директор
Заңғар КЕРІМ – Бас редактор
Мәдина АСЫЛБЕК – Бас редактордың орынбасары
Бек ТӨЛЕУ – жауапты хатшы
Оңдасын ЕЛУБАЙ – ШҚО-дағы меншікті тілші
Едіге ОРАЗ – тілші
Әділбек ЫДЫРЫС – менеджер
Зүлфия ЖҰМАҒҰЛ – есепші

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы
Байланыс тел.: +77023840194
Алматы қаласында: Мұқанов көшесі, 223 «в» үй.
Тел.: 8/727/3784200, 3784202
• **Газет «Қазақ спорты» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.**
• **Хат-хабар үшін:** Поштамыздың абоненттік жәшігінің мекенжайы: №2714, 010017, Нұр-Сұлтан қаласы, Асан қайғы көшесі, 73-үй.
Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «в» үй. Тел.: 8/727/3783646, 3784010

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• «Қазақ спорты» газетіне жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Жазылу индексі – 64190
• Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде 2011 жылы 7 маусымда қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 11855 – Г
• Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2017 жылдың 24 қаңтарында қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 16317-Г.

• Тапсырыс – 852 • Таралымы – 3085 дана